Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Алимжанова Айкерим Болатовнаның «Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялар: генезис, ерекшелік, эстетикалық қағидаттар» атты ғылыми диссертациясына ғылыми жетекші – педагогика ғылымдарының докторы, профессор Н.Е. Исабектің

ПІКІРІ

Бүгінгі таңда әлемдік білім беру жүйесінде мультимедиа оннан аса ғылым салаларына еніп үлгерді. Отандық журналистикада жеке сала ретінде қалыптаса бастағанына көп уақыт өтпесе де, сандық медианың қарыштап дамуынан мультимедиалық құралдар өндіріске жылдам икемделуде.

БАҚ-тың қазіргі индустриясы интернет коммуникация мен ақпараттық-компьютерлік технологиялардың интеграциялануға бет бұрып келеді.

Диссертант А.Б. Алимжанова ғылыми жұмысында мультимедианың жаһандану дәуіріндегі өзгерістерін зерттеп, жаңа технологиялардың генезисі мен басты ерекшеліктерін айқындаған. Ғылыми жұмыста мультимедиалық журналистикадағы технологиялардың қызметі, типологиясы, форматтық мүмкіндіктерін топтастырған.

Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялар ақпараттың сыртқы түрін ғана өзгертіп қоймай, жанрлық, пішіндік жағынан да өзгерістерге ұшыратқандығын нақты мысалдармен, салыстырмалы контент анализдермен анықтаған.

Әлемдік технологиялық өзгерістердің Отандық медиаға ықпалын зерттеу арқылы қолданыстағы ерекшеліктерін мазмұндық жағынан саралаған. Мультимедиалық журналистиканың жеке сала ретінде дамып, қалыптасуына интернеттің және веб-сайттардың, компьютерлік технологиялардың жұмыс істеу механизмдері тікелей әсер ететінін нақты тұжырымдайды. Осы уақытқа дейін қазақ тілді ғылыми еңбектерде кездесе бермейтін тың тақырыптың теориялық және тәжірибелік тұжырымдарын ұсыну диссертанттың көп ізденісінің жемісі. Қазақстандық мультимедиалық журналистикадағы құралдар мен олардың берілу механизмдеріне талдау негізінде оның тиімділігін арттыру модельдерін ұсынып, жан-жақты қарастырған.

Зерттеу жұмысының тарауларында мультимедиалық журналистика туралы теориялық мәселелерге шолу жасап, жаңа технологиялық ұғым-түсініктерге анықтама берген. Негізгі ғылыми тұжырымдамалары мен өзекті мәселелерін сараптай келе, теориялық және методологиялық аспектілерін анықтап, табиғатын ашып көрсеткен. Онлайн БАҚ қызметінде интерактивті видео-мәтін, сандық хабар тарату, мобильді қосымшылар қызметін тиімді пайдалану, ақпаратты жинау, өңдеу, тарату мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеу нәтижесінде нақты қорытындылар жасайды. Медиадағы сандық және

ақпараттық сауаттылықтың негізгі бағыттары бойынша медиа ұйымдардың қызметін жетілдіруді ұсынады. Деректерді тексерудің тиімді тәсілі факчекингтік зерттеудің табиғатын анықтап, фейк ақпараттарды тексерудің тиімді технологияларын ұсынған. Деректер қорын құрудағы инфографикалық технологиялардың қолданысын бағамдаған.

Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологияларды қолдану аясындағы ақпараттық қауіпсіздіктің көзге көріне бермейтін қауіп-қатерлері мен заңдық нормаларын, этикалық-эстетикалық қағидаттарын да терең зерттейді. Шетелдік ой-тұжырымдармен салыстыра қарастырып, өзіндік түйіндерін ұсынады.

Бұл диссертациялық еңбектің зерттеу нысаны мен мақсат, міндеттері тақырыптың өзектілігі мен практикалық мәні айқын көрсетілген.

Диссертант жұмысының зерттеу әдісі ретінде контент-анализ, жүйелеу, мониторинг, салыстырмалы талдауды жүйелі түрде пайдалана білген.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін жоғарғы оқу орындарында журналистика, PR, педагогика, тіл білімі салалары бойынша және мультимедиалық журналистика курстарын тереңдетіп оқытуда оқу-әдістемелік материалдар мен көмекші құралдарына қолдануға болады.

Ғылыми жұмыс – тың пікірлермен, дәлелді тұжырымдарымен құнды. Жұмыс диссертацияның талабына толық жауап береді. Елімізде және шетелдерде (Канада, Польша, Моңғолия, Түркия) жариялаған мақалалары диссертацияның мазмұнын қамти алады.

Алимжанова Айкерим Болатовнаның «Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялар: генезис, ерекшелік, эстетикалық қағидаттар» атты ғылыми диссертациясы «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми жетекші:
Еуразиялық Дизайнерлер Одағының және
ҚР Дизайнерлер Одағының мүшесі,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Н.Е. Исабек